Қамқоршылық кеңес отырысының
№1-хаттамасы

28.10.2025 жыл

Күн тәртібі

1. Мектепке дейінгі ұйымның 2025 – 2026 оқу жылына Қамқоршылық кеңесін сайлау туралы.
2. Қамқоршылық кеңестің алдыңғы оқу жылы үшін есебі.
3. Қамқоршылық кеңесі құрамын қалыптастыру.
4. Қамқоршылық кеңестің 2025 – 2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.
5. Мектепке дейінгі ұйымды 2025 – 2026 оқу жылының қысқы кезеңіндегі жұмысқа дайындау туралы.

Мәселелерді талқылау барысы

Бірінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі сөз сөйлеп, ҚР Оқу-ағарту министрінің 01.03.2023 №56-бұйрығымен бекітілген, Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібімен таныстырды. Қатысушыларға Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне үміткерлерді ұсынды, МДҰ Қамқоршылық кеңесі төрағасының міндеттері аясын және өкілеттіктеріне сипаттама берді. Қамқоршылық кеңесінің құрамы бекітілетіні туралы хабарлады.

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрайымы А.Ж. Куанышева сөз сөйлеп, 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстар туралы есебін оқыды.

Үшінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес құрамы 2023-2024 оқу жылында ұсынылған құрам 3 жылға дейін өзгеріссіз қалды.

Шешім:

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы :

1. Жакеева Жұлдыз Ерболовна қамқоршылық кеңестің төрайымы «Күншуақ» тобының ата-анасы
2. Умарова Әсел Серікқызы қамқоршылық кеңес мүшесі «Бүлдіршін» тобының ата-анасы

Scanned with CamScanner

3. Түменова Нұргүл қамқоршылық кеңес мүшесі ерікті ата-ана
4. Елеуова Алтыншаш қамқоршылық кеңес мүшесі ерікті ата-ана
5. Симагамбетов Қуаныш Аманбаевич қамқоршылық кеңес мүшесі ерікті ата-ана
6. Әлқуатова Алтынай қамқоршылық кеңес хатшысы «Күншуақ» тобының тәрбиешісі

Қамқоршылық кеңес ережесімен танысып шықты.

Төртінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен танысып, бекітілді.

Бесінші мәселе бойынша 2025-2026 оқу жылының қысқы кезеңдегі жұмысқа дайындығы туралы айтылды. Балабақша жылыту маусымына қосылды.

Төрайым Жакеева К.
Хатшы Әлқуатова А.

Қамқоршылық кеңес отырысының
№2-хаттамасы

25.12.2025

Күн тәртібі

1. Балалармен бірге жаңа жылдық ертеңгіліктерді дайындау, ұйымдастыру және өткізу.
2. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңестің қорында қаражат болса, соны пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін айқындау.
3. МДҰ-да «Кітап оқуды» ұйымдастыру және өткізу, топтарда кітап бұрыштарын жабдықтау.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Меңгеруші Сарбасова А.Б. жаңа жылдық ертеңгіліктерді өткізу жоспары туралы баяндама жасады.

Ертеңгіліктердің сценарийі, безендіру жұмыстары, ата-аналардың қатысуы және қауіпсіздік шаралары талқыланды.

Ұсыныстар:

Балабақша ұымы бірлесе отырып, мерекелік безендіру жұмыстарын жүргізу

Ата-аналарды ұйымдастыру жұмыстарына тарту

Қауіпсіздік техникасын сақтау

2-мәселе бойынша:

Қамқоршылық кеңес төрайымы Жакеева Ж.Е. балабақша материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатына ешқандай қаражат жиналмағаны туралы ақпарат ұсынды.

Балабақша құрылтайшысы материалдық-техникалық базаны өз күштерімен толықтырылып отырғаны айтылды.

3-мәселе бойынша:

Тәрбиеші Тәңірберген А.Д. «Кітап оқуды» ұйымдастыру туралы баяндады.

Топтарда кітап бұрыштарын жаңарту және толықтыру қажеттілігі айтылды.

Ұсыныстар:

Әр топта «Кітап бұрышын» жабдықтау

Аптасына бір рет «Кітап оқу күні» ұйымдастыру

Ата-аналар арасында «Отбасылық кітап оқу» акциясын өткізу

Қаулы қабылданды:

Жаңа жылдық ертеңгіліктер бекітілген жоспар бойынша өткізілсін.

Материалдық-техникалық базаны нығайтуға мақсатына қаржы қажет болған жағдайда көмек көрсетілсін.

Балабақшада кітап оқуды ұйымдастыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

Қамқоршылық төрайымы: Жакеева. Ж.Е

Хатшы: Әлқуатова. А.М.

Scanned with CamScanner

Қамқоршылық кеңес отырысының
№3-хаттамасы

27.03.2026

Күн тәртібі:

1. Наурызнаманы мерекелеуге дайындық, ұйымдастыру және өткізу.
2. Мектепке дейінгі ұйым ғимаратын абаттандыру және аумағын көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру. Көгалдандыру бойынша еріктілер жұмысын ұйымдастыру, «Жасыл табиғат» челленджіне қатысу.
3. Мектеп жасына дейінгі балалар және ата-аналармен бірге «Эко-десант» ұйымдастыру.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі алдағы Наурызнама мерекесін ұйымдастыру жоспары туралы айтып өтті. Мерекелік іс-шараларды ұлттық дәстүрлерге сай өткізу, балаларға ұлттық ойындар, ән-билер және көріністер дайындау ұсынылды. Ата-аналардың белсенді қатысуы қажет екендігі айтылды.

2-мәселе бойынша:

Балабақша аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру туралы ұсыныстар қаралды. Аумақты тазарту, гүлдер отырғызу, ағаш көшеттерін егу жоспарланды. Сонымен қатар, ата-аналар мен қызметкерлер арасында еріктілер тобын құрып, «Жасыл табиғат» челленджіне қатысу ұсынылды.

3-мәселе бойынша:

Балалар мен ата-аналардың қатысуымен «Эко-десант» экологиялық акциясын өткізу ұсынылды. Іс-шара барысында аумақты тазалау, табиғатты қорғау туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу жоспарланды.

Шешім:

1. Наурызнама мерекесін жоғары деңгейде ұйымдастыру және өткізу.
2. Балабақша аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру, еріктілер тобын құру.
3. «Жасыл табиғат» челленджіне белсенді қатысу.
4. Балалар мен ата-аналардың қатысуымен «Эко-десант» экологиялық акциясын өткізу.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: _____ Жакива. Н. Е

Хатшы: _____ Әлқуатова. А. М

Scanned with CamScanner

Қамқоршылық кеңес отырысының
№4 хаттамасы

Қамқоршылық кеңестің жалпы жиналысы

Өткізілген күні: 15.05.2026

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектепке дейінгі ұйымда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру және келісу.
2. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайтуға Қамқоршылық кеңестің қорында қаражат болса, соны пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін айқындау.
3. Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігімен бірлесіп, Қамқоршылық кеңес тарапынан анықталған кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізу.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:
Мектепке дейінгі ұйым басшысы жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жоспары туралы баяндады. Балалардың денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін сақтау, жаз мезгіліндегі іс-шараларды тиімді ұйымдастыру мәселелері қарастырылды.

2-мәселе бойынша:
Қамқоршылық кеңес мүшелері мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында қордағы қаражатты пайдалану бағыттарын талқылады. Қамқоршылық кеңестің қорында ешқандай қаражат жоқ екені, жыл бойы ақша жиналмағаны туралы есеп берді.

3-мәселе бойынша:
Қамқоршылық кеңес тарапынан анықталған кемшіліктер болған жоқ.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Жазғы сауықтыру кезеңінің жоспары бекітілсін.
2. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау шаралары күшейтілсін.
3. Жазғы іс-шараларды ұйымдастыру педагогтерге жүктелсін.
4. Келесі жиналыста атқарылған жұмыстар туралы есеп тыңдалсын.

Жиналыс төрайымы: _____ Жакеева Н.Е

Хатшы: _____ Ғиқуатова А.М.

Scanned with CamScanner